

**Солтүстік Қазақстан облысы**
**Тайынша ауданы**
**Амандық ауылы**
**Амандық орта мектебінің**
**химия, биология пәнінің мұғалімі**
**Хожа Ақбота**

---

**Биология пәні:6-сынып**



# Гүлдің құрылысы

# Кіріспе:

*Қыз бала сәнімен*
*Жер ана гүлімен - көрікті дегендей,гүлсіз жердің нұрсыз екенін, оны көріп көңіліміздің еріксіз құлазып жабырқайтыны бәрімізге мәлім.Әрине мұндай жерді «Ит байласа тоқтағысыз жер» деп тура да дұрыс айтқан екен.Олай болса көрікті де гүлді табиғаты бар жер сенің қуанышың.Сондай табиғат адамның көңілін еріксіз көтеріп , қуанышқа , шаттыққа бөлеп небір ойыңдағы кірбіңді ұмыттырып , жақсылыққа жетелеп , өмірге деген құштарлығыңды арттыра түсері сөзсіз.Сондықтан гүл өмірдің көркі , туған өлкеңнің мақтанышы. «Ондай өлке жер жүзіндегі кілемің,*
*Ия , солай сені аңсап жүр едім!» деп аунап-қунап табиғат ананы , туған анаңдай тебіреніп , емірене аялайтын қасиетті өлке.Қандайда бір қуанышты күні құшағыңда гүл толып тұрса сен бақытты емей кім бақытты?! Сондықтан гүл қуаныш жаршысы.*

# Мақсаты:

**Білімділік:** *Гүлдің жеке бөлімдері оның құрылысы, атқаратын қызметі,табиғаттағы маңызы жайлы толық мағлұмат беру,білімін кеңейту,тереңдету, қорытындылау.*

**Дамытушылық:** *Өсімдіктердің қадір қасиеті, адамның тұлға ретінде қалыптасуын, адамгершілік қасиетін, жалпы қоршаған ортаға деген жаңашырлық сезімін дамыту;*

**Тәрбиелік:** *өзі тұрған өлкенің өсімдіктерін,гүлдерін күтіп баптауға,қорғауға тәрбиелеу,өз бетімен жұмыс істеп, талаптануын арттыру;*

# Көрнекілік

Ұлғайтқыш әйнек, гүлдің дайын моделі, қағаздан қиылып жасалған гүл бөлімдері, «Гүлдің құрылысы» кестесі, кеппешөптер.

# Жоспары:

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Кіріспе.
3. Үй тапсырмасын тексеру.
4. Жаңа сабақты түсіндіру.
5. Жаңа сабақты бекіту.
6. Қорытынды.
7. Зертханалық жұмыс.
8. Үйге тапсырма.Бағалау.

# Үй тапсырмасын тексеру

| Сұрақтар | Жауаптар |
|---|---|
| Өсімдіктің өсу мүшелерін атаңдар? | |
| Өсу мүшелерінің көбею тәсілдерінің неше түрі бар? | |
| Телу дегеніміз не және оның қанша тәсілдері бар? | |
| Қандай бау бақша өсімдігі мұртшалары арқылы көбейеді? | |
| Картопты қалай көбейтуге болады? | |



# Жаңа сабақты түсіндіру.

## Жоспар:

1. Гүл сағағы.
2. Гүл табаны.
3. Тостағанша жапырақша.
4. Күлте жапырақша.
5. Гүл серігі.
6. Аталық.
7. Аналық.
8. Дұрыс гүл мен бұрыс гүл.
9. Гүлдің формуласы.

# Гүлдің құрылысы

- Тостағанша
- Күлте
- Аналық
- Гүл табан
- Гүл сағақ
- Аталық

# Гүлдің құрылысы




1.Гүл сағағы.
2.Гүл табаны.
3.Тостағанша жапырақша.
4.Күлте жапырақша.
6.Аталық.
7.Аналық.

# Аналық

Аналық аузы

Аналық мойны

Аналық жатын

# Аналық



# Аталық

Аталық жіпше

Аталық тозаң

# Аталық



# Бұрыс гүл



# Дұрыс гүл



# Сергіту сәті

# Жаңа сабақты бекіту

**I.Артығын тап:**

а)Күлте, тостағанша, пиязшық, аталық.

ә)Гүл сағағы, гүл табаны, тамыр, аналық.

б)Тозаң, шірнелік, жанаспалы жасуша , жатын.

**II.Қатарды жалғастыр:**

а)Гүл серік ,қос гүлсерікті,...

ә)Аналық ,аналық аузы ,...

б)Аталық , аталық жіпше,...

**III.Сәйкестікті тап:**

| | |
|---|---|
| Гүлдің ішкі бөліктерін қорғайды | Гүл серік |
| Тостағанша мен күлте жапырақшаны атайды | Тостағанша |
| Жабысқақ сұйықтық бөледі | Аналық |
| Гүлдің дәл ортасында орналасқан | Аналық аузы |

**IV.Сұрақтарға жауап бер:**

а)Гүл сағағының жоғарғы кеңейген жері қалай аталады?

ә)Күлте қайда орналасады?

б)Гүлдің мойны бар бөлігі?

# Қорытынды

| Білемін | Білгім келеді | Үйрендім |
| --- | --- | --- |
| | | |



# Зертханалық жұмыс №12

## Тапсырмалар.

1. Қатты қағаздан қиылып жасалған гүл бөлімдерін рет-ретімен орналастыр.
2. Берілген кеппешөптер арқылы гүлдің жай және қос гүлсерікті екендігін тап
3. Әр-бір гүлдің пішініне,санына,реңдеріне көңіл аудару,салыстыру.





# Үйге тапсырма

*1.«Гүл»деген сөзді қатыстырып 5-сөйлем құрау.*

*2.§22-ні қайталап оқу.*

*3. «Гүлдің табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы» және «Гүлдің түрлері» деген тақырыпта реферат жазу.*

# Бағалау парағы

***Жауап беруші*** _(таә)

***Топтағы тексеруші*** ________(таә)

# НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ